

Халық педагогикасындағы сұлулық-сымбат тәрбиесі

Сұлулық сымбат тәрбиенің негізгі
бағыттары:

- Өнер (шешендік);
- Өлеңдер мен жырлар;
- Зергерлік және қол өнер

Өнер – тәрбие факторы. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуда халық педагогикасы өнердің алуан түрін қолданады: түрлі ыдыс-аяқтар, үй жиһаздары, тоқыма бұйымдары. Халық өз тұрмысын, еңбегін безендіріп, баланың әсемдікке деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатын қояды. Осы мақсатқа жету үшін мына міндеттерді белгілейді:

- **Балаларды әртүрлі қолөнерге үйрету;**
- **Балалардың табиғи дарындылығы, мәселен, белгілі бір өнер түріне талабын, бейімділігін дамыту;**
- **Халықтың көркемөнер шығармашылығының терең мазмұнды аса көрнекті туындыларымен таныстыру.**



Қазақ халқының ән шығармашылығының жанрлары сан алуан. Олар: отбасылық-тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбек, лирикалық, тарихи әндер, әлеуметтік наразылық әндері, эпикалық дастандар.



Қазақтың қолданбалы өнері



Мақсаты - қазақ сәндік-қолданбалы өнері арқылы жеткіншектердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру

Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің мазмұны

Принциптері

- өмірмен тығыз байланыстылығы
- дәстүрлілік
- салалардың бірлігі

Түрлері

- сәндік
- тұрмыстық
- сыйлықтық
- шаруашылықтық

Ерекшеліктері

- көркемдік-эстетикалық
- практикалық
- еңбек
- шығармашылық

Атқаратын қызметі

- ағартушылық
- коммуникативтік
- гедонистикалық
- тәрбиелік

Қолөнер кәсібіне балаларды әке-шешелері,
ауылдың тәжірибелі, салиқалы қарттары, өнер
иелерінің шебері баулып отырды, әрі
тәжірибелерінде әртүрлі әдістерді пайдаланды.

Әдетте, ер балалардың тәрбиесіне әкелері, қыздардың тәрбиесіне аналары
көбірек көңіл бөлгендігі мәлім. “Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер”,
“Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар” деген мақал-мәтелдер соның
айғағы болса керек.



Қыз балалардың меңгерген қолөнер кәсібiнiң түрлерi



Киіз басу



Ши тоқу



Киіз үйдiң жабдықтарын жасау




Киімдер тігу



Кесте және көркемдеп тігу



Ұл балалардың меңгерген қолөнер кәсібiнiң түрлерi



Киіз үй бөліктерiн жасау



Арба жасау



Ыдыс-аяқтар жасау



Зергерлік өнер



Ұсталық өнер





Етіктер тігу



Тері ұстау





Ер-тұрмандар жасау



Музыкалық аспаптар жасау



Халық өнердің барлық саласын жоғары бағалаған.

“Өнер – мінсең ат, ұшсаң-қанат, кесең-жанат, ішең-тамақ”, “Өнерді үйрен де жирен” деп балаларға ақыл-кеңес беріп отырған.